



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2025 жылғы 12 мамыр

№3142-25-00-2/99 іс

Б.Момышұлы ауылы

Жамбыл облысы Жуалы аудандық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Б.Абуевтың,
сот отырысының хатшысы Ж.Оралованың,
ашық сот отырысында, қойылған талап қою бойынша азаматтық істі
қарады,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:

Асимова Гулнар Турсумбаевна

ЖАУАПКЕР:

«№4-ші Құрманбек Сағындықов атындағы орта мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесі

ТАЛАП ҚОЮШЫ ЖАҒЫНДАҒЫ ҮШІНШІ ТҮЛҒА:

1. «Жамбыл облысы оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім
қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:

1. «№4-ші Құрманбек Сағындықов атындағы орта мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 31 желтоқсандағы №264
бұйрығын заңсыз деп танып, бұзу туралы.
2. «№4-ші Құрманбек Сағындықов атындағы орта мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 27 қаңтардағы №30 санды «№264
бұйрығына толықтырулар енгізу туралы» бұйрығын заңсыз деп танып,
бұзу туралы.
3. Бұрынғы жұмысына қайта орналастырып, мәжбүрлі түрде бос жүрген
уақыты үшін орташа жалақыны өндіру туралы.
4. Моральдық зиян сомасын өндіру туралы.

СОТ ОТЫРЫСЫНА ҚАТЫСҚАНДАР:



Талап қоюшы Г.Асимова,
Талап қоюшы өкілі Г.Бейбитов,
Жауапкер өкілі Ж.Пернешева, А.Алиева, А.Жаманбаева.
Үшінші тұлға өкілі А.Джолшибекова,
Аудармашы А.Тобабергенова.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Г.Т.Асимова 1991 жылғы 1 қаңтарда «№4 Құрманбек Сағындықов атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі - КММ) ұзартылған күн тобының (продленка) тәрбиешісі ретінде қабылданып, кейіннен тарих пәнінің мұғалімі болып жұмыс атқарып келген.

2024 жылғы 26 желтоқсанда Г.Т.Асимова мектеп директоры Ж.Е.Пернешеваның атына өтініш жазып, 2024-2025 оқу жылында зейнет жасына толуына байланысты оқу жылын аяқтау ниетін білдіріп, «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мен «Жамбыл облысы оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің филиалы «Білім қызметкерлері кәсіподағының Жуалы аудандық комитеті» арасында 2024-2026 жылдарға жасалған Ұжымдық шарттың (әрі қарай-Ұжымдық шарт) 2-тарау, 2.3-тармағына сәйкес 2024-2025 оқу жылы аяқталған соң еңбек шартын тоқтатуды сұраған.

«№4-ші Құрманбек Сағындықов атындағы орта мектебі» КММ-нің 2024 жылғы шығыс номерсіз, белгіленбеген күнісіз хатына сай, Г.Т.Асимоваға ЕК-нің 53-бабының 9-тармағына сәйкес, жасалған еңбек шартының 2024 жылғы 31 желтоқсан күні зейнеткерлік жасқа толуына байланысты тоқтатылатыны туралы «Ескерту хат» ұсынылған.

«№4-ші Құрманбек Сағындықов атындағы орта мектебі» КММ-нің 2024 жылғы 31 желтоқсандағы шығыс №256 санды хатымен, Г.Т.Асимоваға ЕК-нің 53-бабының 9-тармағына сәйкес, жасалған еңбек шартының 2024 жылғы 31 желтоқсан күні зейнеткерлік жасқа толуына байланысты тоқтатылатыны туралы «Ескерту хат» берілген.

Г.Т.Асимова «Ескерту хатпен» танысып, қол қойып, бір данасын алғанын жазып көрсеткен. «Ескерту хат» қай күні алғаны немесе хаттың берілген күні көрсетілмеген. Сонымен қатар, «Ескерту хаттың» шығыс нөмірі 2024 жылғы 31 желтоқсан күні №236 болып тіркелген.

«№4-ші Құрманбек Сағындықов атындағы орта мектебі» КММ-нің 2024 жылғы 31 желтоқсандағы №264 санды бұйрығымен, Г.Т.Асимовамен түзілген еңбек шарты зейнеткерлік жасқа жетуіне байланысты 2024 жылғы 31 желтоқсаннан бастап бұзылған.



Талап қоюшы мектеп директорының бұйрығымен келіспей, келісу комиссиясына арызбен жүгінген.

«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жеке еңбек даулары жөніндегі келісу комиссиясының 2025 жылғы 21 қаңтардағы шешімімен, Г.Т.Асемованың өтініші қанағаттандырыусыз қалдырылған.

Еңбек даулары жөніндегі келісу комиссиясының 2025 жылғы 21 қаңтардағы хаттамасының шешімімен дауды шешу үшін сотқа жүгіну ұсынылған.

Мекеме директоры Ж.Пернешеваның 2025 жылғы 27 қаңтардағы №30 санды бұйрығымен 2024 жылғы 31 желтоқсандағы №264 бұйрығына толықтырулар енгізіліп, 1) «№4-ші Құрманбек Сағындықов атындағы орта мектебі» КММ-нің басшысымен 2024 жылғы №264 бұйрықтың шығарылған күні 2025 жылғы 05 қаңтар деп өзгертілген.

2) ЕК-нің 53-бабының 9-тармағына сәйкес, осы Кодекстің 52-бабы 1-тармағының 24)-тармақшасында көзделген негіз бойынша еңбек шартын бұзуға жұмыскер Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінде белгіленген зейнеткерлік жасқа толғанда жұмыскер зейнеткерлік жасқа толғаннан кейін еңбек шартын бұзу күніне дейін кемінде бір ай бұрын оны хабардар ете отырып және еңбек, ұжымдық шарттарда және (немесе) жұмыс берушінің актісінде айқындалатын мөлшерде өтемақы төлене отырып жол беріледі.

3) №264 бұйрығын негізі деген бөлігінде Ұжымдық шарттың 2-тарау 2, 3-тармағы еңбек шартының мерзімі аяқталған жағдайда тартаптардың ешқайсысы бір жұмыс күнінің (ауысымның) барысында еңбек қатынастарын тоқтау туралы жазбаша хабарламаса, ол еңбек шарты шектеусіз мерзімге жасалған деп есептелінеді. Алайда, Г.Асемоға 2024 жылғы 31 желтоқсанда еңбек шартының мерзімінің аяқталуына байланысты ескерту хаты берілгендігін және мектеп кәсіподағы А.Дембаеваның дәлелді пікірі деген сөздерімен толықтырылсын.

4) Ұжымдық шарттың 7.2-тармағына сәйкес қызметкерлер зейнет жасқа толуына байланысты жұмыстан босатылған кезде ҚР ЕК 52-бабы 1-тармағының 24-тармақшасы, жұмыс беруші ҚР ЕК 53-бабының 9-тармағына сәйкес өтемақы төлемі жүргізіледі және көлемі көрсетілген негіз бойынша бір рет қана төленеді.

5) Зейнет жасқа жетіп еңбек шарты тоқтатылғанға байланысты 1-айлық мөлшерде өтемақы есептелініп төленсін және толық айырылысын деп көрсетілген.

Талап қоюшы мектеп директорының бұйрығымен келіспей, Жамбыл облысы бойынша мемлекеттік еңбек инспекторына шағымданған.

2025 жылғы 17 ақпандағы Жамбыл облысы бойынша мемлекеттік еңбек инспекторының №4-Ж Нұсқамасына сай, Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің (бұдан әрі-ЕК) 11-бабына, 23-бабының 2-тармағы 1), 9)



тармақашаларына, 154-бабының 2, 7- тармақтарына және 158-бабының 5-тармақтарына сәйкес:

Ұжымдық шарттың 7.2 тармағының (соңғы абзацы) және Салалық келісімнің 9.4-тармағының (соңғы абзацы) талаптары бұзғанына (орындамағына) байланысты «№4-ші Құрманбек Сағындықов атындағы орта мектебі» КММ-нің директоры Ж.Е.Пернешоваға Г.Т.Асемованы жұмыстан босату (еңбек қатынастарын тоқтату) туралы мектеп директорының 2024 жылғы 31 желтоқсандағы №264 бұйрығының күші жойылсын және 2025 жылғы 27 қаңтардағы №30 санды бұйрығының жұмыстан босату туралы тиісті бөлігінде көрсетілген тармақтарының күші жойылсын. Осыған байланысты Г.Т.Асемовамен еңбек шартының тоқтатылуына (жұмыстан босатылуына) байланысты бұзылған құқықтары ЕК-нің талаптарына және қолданыстағы Ұжымдық шарттың 7-тарауының 7.2-тармағына және Салалық келісімнің 9-тарауының 9.4-тармағына сәйкес қалпына келтірілсін деп, нұсқама берілген.

2025 жылғы 17 ақпандағы Жамбыл облысы бойынша мемлекеттік еңбек инспекторымен №253100300000003 санды әкімшілік құқықбұзушылық туралы хаттамасы түзіліп, «№4-ші Құрманбек Сағындықов атындағы орта мектебі» КММ-нің директоры Ж.Е.Пернешова ұжымдық шарт талаптарын бұзғанына байланысты Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің (бұдан әрі - ӘҚБтК-нің) 97-бабы 3-бөлігінде көзделген әкімшілік құқық бұзушылықты жасағаны үшін жауапқа тартылған.

2025 жылғы 27 ақпандағы Жамбыл облысы бойынша мемлекеттік еңбек инспекторының №253100300000003 санды әкімшілік құқықбұзушылық туралы қаулысымен «№4-ші Құрманбек Сағындықов атындағы орта мектебі» КММ-нің директоры Ж.Е.Пернешованың ӘҚБтК-нің 97-бабы 3-бөлігінде көзделген әкімшілік құқық бұзушылықты жасағаны үшін 1 572 800 теңге мөлшерінде айыппұл салынған.

2025 жылғы 06 наурызда «№4-ші Құрманбек Сағындықов атындағы орта мектебі» КММ-нің директоры Ж.Е.Пернешова 2025 жылғы 27 ақпандағы Жамбыл облысы бойынша мемлекеттік еңбек инспекторының әкімшілік құқықбұзушылық туралы қаулысымен келіспей, Жуалы аудандық сотына шағымданған.

Жуалы аудандық сотының 2025 жылғы 17 наурыздағы қаулысымен арызданушы Ж.Е.Пернешеваның шағымы қанағаттандырусыз қалдырылып, 2025 жылғы 27 ақпандағы №253100300000003 санды әкімшілік құқық бұзушылық туралы қаулы өзгеріссіз қалдырылған.

Жамбыл облысытық сотының 2025 жылғы 29 сәуірдегі қаулысымен, Жуалы аудандық сотының 2025 жылғы 17 наурыздағы ӘҚБтК-нің 44-1 тарауымен Ж.Е.Пернешеваға қатысты қаулысы өзгеріссіз, оның және өкілі адвокат С.С.Тлеужанованың шағымы қанағаттандырусыз қалдырылған.



Талап қоюшы Г.Т.Асимова жауапкердің жұмыстан босату туралы бұйрығымен келіспей, соттан мекеменің 2024 жылғы 31 желтоқсандағы №264 бұйрығын, 2025 жылғы 27 қаңтардағы №30 санды «№264 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы» бұйрықтарын заңсыз деп танып, бұзу туралы, бұрынғы жұмысына қайта орналастырып, мәжбүрлі түрде бос жүрген уақыты үшін орташа жалақыны өндіру туралы, 4 000 000 тенге моральдық зиян сомасын, өкілдің көмегіне кеткен 400 000 тенге сомасын өндіруді сұраған.

Талап қоюшы Г.Т.Асимова, оның өкілі Ғ.Бейбитов сот отырысы барысында талаптарын қуаттап, талап қою арызын толығымен қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер өкілдері А.Алиева, А.Жаманбаева талап қоюшының талап қою арызын толығымен мойындамай, мектеп директорымен талап қоюшы Г.Т.Асимованың зейнет жасына келуіне байланысты жұмыстан босатылғанын, оны мектеп ұжымы мен кәсіп одақ өкілдері тиісті түрде, сыйлығын беріп, зейнетке шығарып салғандарын көрсетіп, талап қоюшының талабын толығымен қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Үшінші тұлға «Жамбыл облысы оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі өкілі А.Жолшыбекова «№4 Құрманбек Сағындықов атындағы орта мектебі» КММ-нің мектеп директоры Ж.Е.Пернешеваның тарапынан Г.Т.Асимованы жұмыстан босату барысында Еңбек Кодексінің, «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы» КММ-мен «Жамбыл облысы оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі арасында 2024-2026 жылдарға жасалған ұжымдық шартының талаптарын бұза отырып қабылданғанын, талап қоюшының талабын қанағаттандыруды сұрап, жауапкер, мектеп директоры Ж.Е.Пернешеваның Г.Т.Асимованы жұмыстан босату туралы бұйрық шығару барысында ұжымдық шарт талаптарын бұзғаны үшін жеке ұйғарыммен жауапкершілігін қарастыруды сұрады.

Сот отырысында тараптарға араларындағы туындаған құқық туралы дауды татуласу келісімі, дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісім немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім арқылы реттей алатын олардың құқықтары барын түсіндірді және татуласуға тараптарға мерзім берілді. Алайда тараптар мұндай келісімге келмеді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

1, 2, 3 -талаптар бойынша.

Қазақстан Республикасы Азаматтық Процесстік Кодексінің (әрі-АПК) 4-бабына сай, азаматтардың, мемлекеттің және заңды тұлғалардың



бұзылған немесе даулы құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау және қалпына келтіру, азаматтық айналымда заңдылықты сақтау, істің толық және уақтылы қаралуын қамтамасыз ету, дауды бейбіт жолмен реттеуге жәрдемдесу, құқық бұзушылықтардың алдын алу мен қоғамда заңға және сотқа құрметпен қарауды қалыптастыру азаматтық сот ісін жүргізудің міндеттері болып табылады.

Сот отырысында анықталғандай, 2024 жылы Г.Т.Асимоваға ЕК-нің 53-бабының 9-тармағына сәйкес, жасалған еңбек шартының 2024 жылғы 31 желтоқсан күні зейнеткерлік жасқа толуына байланысты тоқтатылатыны туралы «Ескерту хат» ұсынылған. Г.Т.Асимова «Ескерту хатымен» танысып, қол қойып, бір данасын алғанын көрсеткен.

Алайда, «Ескерту хатты» қай күні алғаны немесе хаттың берілген күні көрсетілмеген. Сонымен қатар, «Ескерту хаттың» шығыс №236 санды 2024 жылғы 31 желтоқсан күні болып тіркелген.

ЕК-нің 53-бабының 9-тармағына сәйкес, осы Кодекстің 52-бабы 1-тармағының 24) тармақшасында көзделген негіз бойынша еңбек шартын бұзуға жұмыскер Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінде белгіленген зейнеткерлік жасқа толғанда жұмыскер зейнеткерлік жасқа толғаннан кейін еңбек шартын бұзу күніне дейін кемінде бір ай бұрын оны хабардар ете отырып және еңбек, ұжымдық шарттарда және (немесе) жұмыс берушінің актісінде айқындалатын мөлшерде өтемақы төлене отырып жол беріледі.

Бұл әрекет жауапкер тарапынан ЕК-нің 53-бабының 9-тармағына қайшы келеді, себебі зейнеткерлік жасқа толғаннан кейін еңбек шартын бұзу күніне дейін кемінде бір ай бұрын хабарлануы тиіс.

2024 жылғы 26 желтоқсанда Г.Т.Асимова мектеп директоры Ж.Е.Пернешеваның атына өтініш жазып, 2024-2025 оқу жылында зейнет жасына толуына байланысты оқу жылын аяқтау ниетін білдіріп, 2024-2026 жылдарға жасалған Ұжымдық шарттың 2-тарау, 2.3-тармағына сәйкес 2024-2025 оқу жылы аяқталған соң еңбек шартын тоқтатуды сұраған.

ЕК-нің 1-бабының 1-тармағы 79)-тармақшасына сәйкес, ұжымдық шарт – ұйымдағы әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттейтін, жұмыскерлердің өкілдері арқылы жұмыскерлер мен жұмыс беруші арасында жасалатын жазбаша келісім нысанындағы құқықтық акт.

ЕК-нің 10-бабының 1-тармағына сай, еңбек қатынастары, сондай-ақ еңбек қатынастарына тікелей байланысты өзге де қатынастар еңбек шартымен, жұмыс берушінің актісімен, келісіммен және ұжымдық шартпен реттеледі.

Ұжымдық шарттың 7 – тарауының «Кепілдіктер мен өтемақылар», 7.2. тармағында: Қызметкер зейнеткерлік жасқа толуына байланысты жұмыстан босатылған кезде (ЕК-нің 52-бабы 1-тармағының 24-тармақшасы) жұмыс беруші ЕК-нің 53-бабының 9-тармағына сәйкес өтемақы төлемін жүргізеді.



Еңбек шартын бұзу туралы хабарлама қызметкерлерге зейнеткерлік жасқа толғаннан кейін еңбек шартын бұзу күніне дейін бір ай бұрын жіберілуге тиіс.

Зейнеткерлік жасқа жеткен білім беру ұйымдарының басшылары мен олардың орынбасарларын қоса алғанда, педагог қызметкермен еңбек шарты көрсетілген негіз бойынша оның қалауы негізінде оқу жылы аяқталғаннан кейін, жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы берілгеннен соң бұзылатыны көзделген.

Сондай-ақ, «Салалық деңгейде оқу-ағарту қызметкерлері үшін еңбек жағдайын, жұмыспен қамтуды және әлеуметтік кепілдіктерді белгілеу жөніндегі 2024-2026 жылдарға арналған «Әлеуметтік әріптестік туралы салалық келісімнің» 9-тарауының «кепілдіктер мен өтемақылар», 9.4 тармағында: Зейнеткерлік жасқа толуына байланысты қызметкерді ЕК-нің 52-бабының 1)-тармағы 24)-тармақшасында көзделген негіз бойынша жұмыстан босату кезінде еңбек, ұжымдық шарттарда және (немесе) жұмыс берушінің актісінде айқындалған мөлшерде өтемақы төлейді, бірақ лауазымдық жалақысы мөлшерінен (тарифтік мөлшерлеме) кем емес болмауы қажет.

Көрсетілген негіз бойынша еңбек шартын бұзуға қызметкер Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінде белгіленген зейнеткерлік жасқа толған кезде жол беріледі. Еңбек шартын бұзу туралы хабарлама қызметкерлерге зейнеткерлік жасқа толғаннан кейін еңбек шарты тоқтатылған күнге дейін бір ай бұрын жіберілуге тиіс. Зейнеткерлік жасқа толған педагогтермен көрсетілген негіздегі еңбек шарты оның өтініші бойынша оқу жылы аяқталғанда бұзылады делінген.

Жоғарыда көрсетілген Ұжымдық шарт пен Салалық келісімнің талаптарына қарамастан, мектеп директоры Ж.Е.Пернешеваның 2024 жылғы 31 желтоқсандағы №264 бұйрығы шығып, ЕК-нің 53-бабы 9-тармағына сәйкес, талап қоюшы Г.Т.Асесовмен жасалған еңбек шарты зейнеткерлік жасқа толуына байланысты 2024 жылғы 31 желтоқсанан бастап бұзылған.

Осылайша, жауапкер Еңбек кодексінің 11-бабының, 23-бабының 2-тармағы 1), 9)-тармақшаларының, 154-бабының 2,7-тармақтарында және 158-бабының 3, 5- тармақтарындағы, Ұжымдық шарттың 7.2.- тармағының және Салалық келісімнің 9.4 -тармағының талаптарын өрескел бұзған.

Аталған 2024 жылғы 31 желтоқсандағы №264 санды бұйрықтың шығарылған күнін 2025 жылғы 05 қаңтар деп өзгерту туралы мектеп директоры 2025 жылғы 27 қаңтар №30 санды бұйрығын қосымша шығарған.

Қазақстан Республикасы «Жамбыл облысы оқу-ағарту, ғылым және жоғарғы білім қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің филиалы «Білім қызметкерлері кәсіподағының Жуалы аудандық комитетінің» төрағасы М.Айжанов және Жуалы аудандық білім



бөлімінің басшысы Б.Шертаеваның атынан мектеп директоры Ж.Е.Пернешоваға заң талаптарына сәйкес Г.Т.Асемованың оқу жылын аяқтау ниет білдіруіне байланысты еңбек шартын оқу жылы аяқталғаннан кейін, жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы берілгеннен соң бұзылуға жататындығы туралы түсіндірме хат жолданған.

Осыған қарамастан, мектеп директоры Ж.Е.Пернешова жоғарыдағы заң талаптарын өрескел бұзуға жол берген. Жоғарыларды басшылыққа алып мемлекеттік еңбек инспекторы кінәлі мекеме басшысына ӘҚБтК-нің 97-бабының 3-бөлігі негізінде әкімшілік айыппұл салған. Қаулы заңды күшіне енген.

АПК-нің 76-бабының 5-тармағына сай, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша соттың заңды күшіне енген қаулысымен анықталған әкімшілік құқық бұзушылық жасаған тұлғаның кінәсі осы тұлға жасаған нақ осы құқық бұзушылықтың азаматтық-құқықтық салдары туралы істі қарау кезінде қайта дәлелденбейді.

Осылайша, жауапкер, жұмыс беруші мектеп директоры Ж.Е.Пернешовамен талап қоюшы, жұмыскер Г.Т.Асемованың Қазақстан Республикасының Конституциясымен, Еңбек Кодексімен, Ұжымдық шартпен қорғалған құқықтары өрескел бұзылып, талап қоюшы Г.Т.Асемома заңсыз негізде жұмыстан шығарылған.

2017 жылғы 6 қазандағы «Соттардың еңбек дауларын шешу кезінде заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының №9 Нормативтік Қаулысының 32-тармағына сай, заңсыз негізде жұмыстан шығарылған жұмыскер дауды қарау кезінде оның бұрынғы лауазымы іс жүзінде болмағанына (қысқартылғанына) қарамастан, бұрынғы жұмысына қайта алынуға жатады. Жұмыскердің жұмыстан одан кейінгі шығарылуы заңда белгіленген шарттар мен негіздер сақтала отырып қана жүргізілуі мүмкін. Алайда сот жұмыстан заңсыз шығарылған жұмыскердің өтініші бойынша мәжбүрлі түрде бос жүрген (бірақ алты айдан аспайтын) уақыты үшін орташа жалақыны оның пайдасына өндіріп беру туралы және еңбек шартын жұмыскердің бастамасы бойынша бұзу негізінің тұжырымдалуын өзгерту туралы шешім шығарумен шектелуі мүмкін.

Істің мұндай тұрғысында, сот талап қоюдың жауапкер «№4-ші Құрманбек Сағындықов атындағы орта мектебі» КММ-нің 2024 жылғы 31 желтоқсандағы №264 бұйрығын, 2025 жылғы 27 қаңтардағы №30 санды «№264 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы» бұйрықтарын заңсыз деп танып, күшін жойып, талап қоюшы Г.Т.Асемованы тарих пәні мұғалімі қызметіне қайта орналастырып, талап қоюшының пайдасына кәсіпорыннан 2024 жылғы 31 желтоқсанынан бастап лажсыз бос жүрген уақытқа айлық жалақысын өндіру туралы бөлігі қанағаттандырылуға жатады деп санайды.

4-талап бойынша.



Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің (бұдан әрі-АК) 951-бабының 2-бөлігіне сай, моральдық зиянды осы баптың 3-тармағында көзделген жағдайлардан басқа реттерде, зиян келтірушінің кінәсі болған кезде зиян келтіруші өтейді.

Сондықтан сот, аталған азаматтық істі қарау барысында, жауапкер «№4-ші Құрманбек Сағындықов атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі директоры Ж.Е.Пернешова тарапынан талап қоюшы Г.Т.Асеговаға зиян келтіргені туралы айыбы мен оқиғаның болғаны анықталған факт деп санап, қосымша дәлелдеуге жатпайды деп табады.

АК-нің 952-бабына сай, моральдық зиян ақшалай нысанда өтеледі.

Осы баптың 2-бөлігіне сай, моральдық зиянның мөлшерін анықтаған кезде жәбірленушінің ізгілік қасиетіне келтірілген адамгершілік залалдың ауырлығын субъективті түрде бағалау да, сондай-ақ жәбірленушінің жан азабы мен тән азабының дәрежесін дәлелдейтін объективті деректер де: қол сұғу объектісі болған игіліктің (өмір, денсаулық, ар-ождан, қадір-қасиет, бостандық, тұрғын үйге ешкімнің тимеуі және т.б.) өмірлік маңыздылығы; құқық бұзушылық зардаптарының ауырлығы (жақын туыстарын өлтіру, мүгедектікке әкеп соққан дене жарақатын салу, бас бостандығынан айыру, жұмыстан немесе тұрғын үйден айыру және т.б.); ұятқа қалдыратын жалған мәліметтер тарату сипаты мен аясы; жәбірленушінің өмір сүру жағдайлары (қызмет, отбасы, тұрмыс, материалдық, денсаулық жағдайы, жасы және басқалары), өзге де назар аударуға тұратын мән-жайлар ескеріледі.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 27 қарашадағы №7 «Соттардың моральдық зиянды өтеу жөніндегі заңнаманы қолдануы туралы» нормативтік қаулысының 7-бөлігіне сай, АК-нің 952-бабының талаптары бойынша моральдық зиян ақшалай нысанда өтеледі. Осы ретте сот өтемақы сомасын ақыл-парасаттылық пен әділдік өлшемдерін негізге ала отырып анықтайды.

Моральдық зиян өтемақысының мөлшерін, егер оны анықтаған кезде азаматтың өзіндік мүліктік емес құқықтарының бұзылуына байланысты мән-жайлар ескерілсе, ақыл-парасатқа сай әрі әділ деп есептеген жөн. Ақшалай өтемақының мөлшері құқыққа қарсы әрекет жасалғаны үшін және оның зиян келтірушіге келтірілген салдары үшін жауапкершілік шарасы болады.

АПК-нің 72-бабына сай, әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуі тиіс.

Алайда, талап қоюшы Г.Т.Асегованың тарапынан сотқа өзіне жауапкердің талап арызда көрсетілген мөлшерде моральдық залал келтіргенін бекітетін ешқандай дәлел сотқа ұсынылған жоқ.



Сондықтан сот, жауапкер «№4-ші Құрманбек Сағындықов атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінен талап қоюшы Г.Т.Асемованың пайдасына 100 000 (бір жүз мың) теңге мөлшерінде моральдық залалды өндіргенді әділеттілік пен ақылға сыйымды, әрі жеткілікті мөлшерде деп санайды.

АПК-нің 109-бабының 1-тармағына сәйкес, сот, өзінің пайдасына шешім шығарылған тарапқа іс бойынша жұмсалған барлық сот шығыстарын басқа тараптан алып береді. Егер талап қою ішінара қанағаттандырылса, онда шығыстар талап қоюшыға – талап қою талаптарының сот қанағаттандырған мөлшеріне пропорционалды, ал жауапкерге талап қоюшының талап қою талаптарынан бас тартылған бөлікке пропорционалды түрде алып беріледі.

Азаматтық істі қарау барасында талап қоюшы Г.Т.Асемовамен жауапкерден өкілге төлеген шығын сомасы 400 000 (төрт жүз мың) теңге өндіру туралы арыз түсірілген. Сот отырысы барасында талап қоюшы мен өкілі сот шығындарын жауапкерден өндіруді сұрады.

АПК-нің 113-бабының 1-тармағына сай, сот пайдасына шешім шығарылған тараптың өтінішхаты бойынша процеске қатысқан және осы тараппен еңбек қатынастарында тұрмаған өкілдің (бірнеше өкілдің) көмегіне ақы төлеу бойынша шығыстарын тараптың іс жүзінде жұмсаған шығыстары мөлшерінде басқа тараптан алып береді. Мүліктік талаптар бойынша осы шығыстардың жалпы сомасы талап қоюдың қанағаттандырылған бөлігінің он пайызынан аспауға тиіс. Мүліктік емес сипаттағы талаптар бойынша шығыстар сомасы ақылға қонымды шектерде өндіріліп алынады, бірақ ол үш жүз айлық есептік көрсеткіштен аспауға тиіс.

Сотқа ұсынылған құжаттарға сәйкес, сотта талап қоюшының өкілі ретінде адвокат Г.Бейбитов қатысқан, оның қызметіне талап қоюшымен 400 000 (төрт жүз мың) теңге ақы төленген, осы ретте сот өкілге төлеген өтемақы сомасын ақыл-парасаттылық пен әділдік өлшемдерін негізге ала отырып, талап қоюшының пайдасына өкілдің көмегіне ақы төлеу бойынша шығыс сомасы 250 000 теңге жеткілікті деп тауып, 1 846 теңге төленген мемлекеттік баж сомасы жауапкерден өндірілуге жатады деп санайды.

АПК-нің 243-бабына сай, жұмысқа қайта орналастыру және қызметкерге жалақыны, бірақ үш айдан аспайтын жалақыны алып беру туралы шешім дереу орындалуға тиіс.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарының талаптарын басшылыққа алып,

ШЕШІМ ЕТТІ :



Талап қоюшы Асимова Гулнар Турсумбаевнаның жауапкер «№4-ші Құрманбек Сағындықов атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне 2024 жылғы 31 желтоқсандағы №264 бұйрығын, 2025 жылғы 27 қаңтардағы №30 санды «№264 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы» бұйрықтарын заңсыз деп танып, бұзу туралы, бұрынғы жұмысына қайта орналастырып, мәжбүрлі түрде бос жүрген уақыты үшін орташа жалақыны өндіру туралы, моральдық зиян сомасын өндіру туралы талаптары ішінара қанағаттандырылсын.

«№4-ші Құрманбек Сағындықов атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 31 желтоқсандағы №264 санды Г.А.Асимованы 2024 жылғы 31 желтоқсаннан бастап, еңбек шарты тоқтатылып, жұмыстан босату туралы бұйрығы, 2025 жылғы 27 қаңтардағы №30 санды «№264 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы» бұйрықтары заңсыз деп танылып, күші жойылсын.

Асимова Гулнар Турсумбаевна «№4-ші Құрманбек Сағындықов атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне тарих пәні мұғалімі қызметіне қайта орналастырылсын.

«№4-ші Құрманбек Сағындықов атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінен талап қоюшы Асимова Гулнар Турсумбаевнаның пайдасына 2024 жылдың 31 желтоқсанынан 2025 жылғы 12 мамыр аралығындағы мәжбүрлі түрде бос жүрген уақыты үшін орташа жалақысы барлығы 2 100 328 (екі миллион бір жүз мың үш жүз жиырма сегіз) теңге сомасы өндірілсін.

«№4-ші Құрманбек Сағындықов атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінен талап қоюшы Асимова Гулнар Турсумбаевнаның пайдасына келтірілген моральдық зиян сомасы 100 000 (бір жүз мың) теңге, мемлекеттік баж сомасы 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге, 250 000 (екі жүз елу мың) теңге көлемінде өкілдің көмегіне ақы төлеу бойынша шығын сомалары өндірілсін.

Талап қоюдың қалған бөлігінде қанағаттандырусыз қалдырылсын.

Жұмысқа қайта орналастыру және қызметкерге жалақыны өндіру туралы шешім дереу орындалуға жолдансын.

АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешімге шағым және (немесе) прокурор өтінішхат Жуалы аудандық соты арқылы Жамбыл облыстық сотына шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір айдың ішінде келтірілуі мүмкін.

Судья:

Б.Б.Абуев



